

## **"Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы "Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ 2022 жылғы 06 қазандағы №415 бұйрығы негізінде жұмыс тобының келесі мүшелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

Казиева С.О. – директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Байнияз Л.Е. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Конарова Ж.И. – директордың бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары

Байғазы С.О. – бас есепші

Үмбетбаева М.Ж. – директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

### **1. ЗАҢНАМАДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

"Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама негізінде жүзеге асырады, БСН 990440001899, 19.01.2021 ж. Атауы: "Атырау облысы Білім басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің «Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, орналасқан жері: Қазақстан, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Ойыл ауылдық округі, Жасқайрат ауылы, көшесі Тілеген Қайырбаев, құрылыс 2, бастапқы мемлекеттік тіркелген күні: 14.04.1999 ж.

### **2. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІ ЗЕРДЕЛЕУ**

01.09.2022 ж.бастап 01.06.2023 ж. дейін педагогтардың жалпы саны 68 адамды құрайды, оның ішінде 2 мұғалім бала күтімі бойынша демалыста. 2022 жылдың 01 қыркүйегінен 2023 жылдың 01 маусымына дейін 2 адам өз еркімен қызметінен босатылды. Мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ. Жұмысқа қабылдау "Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

### **3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЗЕРДЕЛЕУ**